



***Футбол ойнаймыз.
Топтау сан есімі.***

Оқу мақсаттары:

7.Т2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау.

7.О1. Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну

7.ТБ1. Топтау сан есімдерін жазбаша, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.

Сабақтың мақсаттары:

Барлығы: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтайды.

Көбі: топтау сан есімдерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолданады.

Кейбірі: кесте, диаграмма,сызба, шартты белгілері түрінде берілген ақпаратты түсінеді, қолдана біледі.



Сұрақтарға жауап бер.

Футбол ойнағанды ұнатасың ба?

Футболға соңғы рет қашан бардың?

Үйде футболды кім көп ойнайды?

Саған қай команда ұнайды?

Сен қандай атақты футболшыны білесің?



Топтау сан есім

Нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап беріп, заттың санын жекелеп емес, топтап көрсететін сан есім түрі **топтау сан есімі** деп аталады.

Жасалу жолы:

1. Дара сан есімдерге шығыс септігі жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: екі+**ден**, жүз+**ден**, бес+**тен**, т.б.

2. Күрделі сан есімдерге шығыс септігі жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: он бес+**тен**, екі-екі+**ден**, он-он+**нан**

Жазылым 1. Өзіндік жұмыс

Берілген есептік сан есімдерден топтау сан есімін жасап жаз:

Екі, төрт, алты, сегіз, он төрт, жиырма, қырық, елу, алпыс.

Жазылым 2.

Жағдаят: Сен кеше досыңмен бірге футбол ойнауға бардың. Ол қақпаға бірнеше гол соқты. Сен мүлде гол соға алмадың. Не істейсің?



Жазылым. 6-тапсырма. Кестені толтыр.

Жаңа сөз	Бұрынғы атауы
Ұшақ	Самолет
Тікұшақ	
Ғарыш	
Үнтаспа	
Ғаламтор	
Талапкер	
Сынып	
Тінтуір	

Үй жұмысы:

“Спорт- денсаулық кепілі”
деген тақырыпта эссе жаз.
(109-б)

